

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРКІК
УНИВЕРСИТЕТИ**

**KHOJA AHMET YASSAWI
INTERNATIONAL
KAZAKH-TURKISH UNIVERSITY**

Turkestan, Kazakhstan



**НОСА АХМЕТ YESEVI
ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK
ÜNİVERSİTESİ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ
КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ**

Республика Казахстан, Туркестан

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 161200, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29, ректорат ғимараты
Tel: (72533) 6-38-48, 6-36-36 Fax: (72533) 6-38-49, 6-37-45. e-mail: info@ayu.edu.kz

№ 01/3444

“18.” 102

202 9 ж.

Т.К. Жұргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кино тарихы мен теориясы» кафедрасының PhD докторанты Абельдинов Адай Кунанбаевичтің 8D02195 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПКІРІ

р/ н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбы "Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимация өнерінің даму перспективалар" ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» атты диссертациялық жұмыстың авторы А. Абельдинов бүгінгі қазақ анимация саласындағы негізгі мәселелерді көтерген. Докторант салмақты ғылыми еңбектерге сілтеме беріп, салыстырмалы талдау жүргізген. Бұл еңбекке жоғарғы деңгейде жазылған диссертациялық жұмыс деп баға бере аламыз. Диссертация тақырыбында қарастырылған мәселелер төменде

		<p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p><u>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</u></p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>көрсетілген мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (КР Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандагы №914 қаулысы); -«Креативті индустрияларды дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасы (КР Үкіметінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №860 қаулысы)». <p>Бірақ диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы бекіткен төменде көрсетілген ғылыми дамуының басым бағытына сәйкес келеді:</p> <p>Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер».</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Эмиль Рейноның оптикалық театрынан бастау алатын анимация өнері – бүгінгі күні, әлеуметтік-мәдени мәселелерді көтеретін байсалды әлеуметтік құрал екені баршамызға белгілі.</p> <p>Алғашқы теориялық еңбектерде мультипликация кино өнерінің бір түрі ретінде қарастырылды.</p> <p>Дегенмен де, заманауи технологиялық әдістердің жыл санап өзгеруіне байланысты анимация саласы кинематографиядан бөлек қалыптаса бастады.</p> <p>Бұл диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері қазақ анимация өнерін жаңаша өріс алуына, «Әмен Қайдар» мектебі негізінде жалғасын тауып келе жатқан қазақ анимациясының дамуына үлес қосатын және анимация режиссурасы мен суретшілеріне білім беруде маңызды ғылыми әлеуетке ие.</p> <p>Қазақ анимациясын шығармашылық және кәсіби мектеп түрғысында қарастырып, салмақты талдау</p>

			жүргізген алғашқы ғылыми жұмыс деуге болады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автордың ойы, ғылыми пайым мен тұжырым жасай алу әлеуеті, сөйлем қурауы және сез саптау сауаты жазу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <u>1) негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды: <u>1) айқындаиды</u> ; 2) ішінара айқындаиды; 3) айқындаамайды.	Диссертацияда көтерілген мәселе заманауи қазақ анимациясының жаңа деңгейге көтерілуіне септігін тигізеді. Автор құрған мазмұн диссертация тақырыбын айқындал, оны жан-жақты ашуға мүмкіндік жасайды. Зерттеу жұмысының I тарауында әлем анимация тарихында айрықша орын алған «Дисней», «Союзмультфильм», Чех анимация өкілі «Ирджи Тринка», «Хорватия – Загреб», «Румын», жапондық «Гибли студио» секілді шығармашылық мектептердің тарихи және көркемдік талдауы жасалған. Сондай-ақ, авангард, сюрреализм, неміс экспрессионизмі және импрессионизм бағыттарының анимация өнеріне әсері мен кейіпкер қалыптастырудагы шығармашылық трансформация жайында берілген құнды ақпарат деп қарастыруға болады. Автор, II тарауда Әмен Қайдар мектебі негізінде қалыптастырып келе жатқан қазақ анимация мектебінің даму жолын қарастырып, бұл мектептің жоғарғы деңгейдегі шығармашылық мектеп ретінде қарқын алуды көздейтінін білдіреді. Сонымен қатар, анимация саласының жоғары білім беру орындарында бөлек факультет болып ашылғаны жөн екенін алға тартады. Себебі, анимация өнері басқа өнер түріне қарағанда құрылымы тұрғысында ауқымды әрі көпсалалы мамандық екенін белгілі. Сондай-ақ, зерттеу жұмысы 2 D, 3 D және көптеген жаңа технологиялық қуралдардың қолданылуы, камера қозғалысының

		<p>анимациялық фильмде шынайы көрінуі, кейіпкер құрау қабілетінің қалыптасуы сияқты негізгі білім оқу бағдарламасына енгізіліп, жан-жақты білім алуына мүмкіндік жасау қажет еkenін дәлелді айтудымен ерекшеленеді.</p> <p>Диссертант, III тарауда заманауи технологиялық дамудың әсерінен пайда болған жасанды интеллект, виртуал шынайылық сияқты технологиялық күралдарды пайдалануды дұрыс пайдалана алу қажет еkenін айтады. Сондай-ақ, әлемдік оқулықтар қазақ тіліне аударылып, білім беру бағдарламасына жаңа әдіс-тәсілдер енгізу, мектеп алдың және мектеп жасындағы балалар қазақ тілінде түсірілетін анимациялық фильмдердің қатарын көбейту мәселесі бойынша дәйекті тұжырым келтірілген.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертация мақсаты мен нақтыланған 6 міндеті диссертация тақырыбына және мазмұнына толықтай сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан</u>;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымында логикалық байланыс сақталған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар</u>;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор жұмысында қазақстандық кинотанушы Б.Р. Нәгербек, ресейлік киносыншы Н. Кривуля еңбектеріндегі қағидаттар мен әдістерді басшылықта алғып, шетелдік зерттеушілердің ғылыми жұмыстарымен салыстырмалы талдау жасаған. Сонымен қатар, қазақ анимация өнеріне елеулі үлес қосқан режиссер-мультиплікаторлар Ә. Қайдар, Т. Мұқанова, Г.Садықова, Г. Бекішовтің публицистикалық мақалалары негізінде тарихи шолу жасайды. Нәтижесінде, жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер)</p>

			дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып баға берілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жұмыста алғаш рет кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективаларына қатысты материалдар жүйеленіп, оларға ғылыми тұрғыдан кешенді талдаулар негізінде жаңа нәтижелер мен қағидаттар ұсынылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Бұл диссертациялық жұмыс кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары мәселесін зерттеуге арналған тың ғылыми жұмыс. Диссертациядағы қорытынды толығымен жаңа.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста техникалық, технологиялық және экономикалық басқару шешімдері қарастырылған.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық зерттеуде тақырыпты тиянақты және дәлелді жүзеге асыру үшін әлемдік және қазақстандық режиссер-аниматорлар мен өнертанушылардың еңбектеріне сілтеме келтіріліп, салыстырмалы талдау жүргізілген. Зерттеу нәтижелерінің ғылыми-практикалық мақсаты Отандық рухани-мәдени әлемді жаңаша, ұлттық сипатта құру жолындағы өнертанушы концепциясының рөлі тұрғысынан қалыптастырылған. Қойылған

			міндеттер жеткілікті деңгейде шешімін тапқан.
7.	Коргауга шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жок</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды еkenін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жок;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің</p>	<p>7.1 Жұмыста ереже дәлелденген.</p> <p>7.2 Жұмыста келтірілген ережелер тривиалды емес.</p> <p>7.3 Ұсынылған ережелер жаңа.</p> <p>7.4 Ережелерді қолдану деңгейі ауқымды.</p> <p>7.5 Диссертация мазмұны бойынша мақала жарияланған: (Aday Abeldinov, Malik Mukanov, Alma Aidar & Nazira Mukusheva «Prospects for The Development of The Modern School of Kazakh Animation (Based on Analysis of Student Animated Films)» // Quarterly Review of Film and Video. 6 Apr 2023). Мақала мазмұны және қозғаған мәселеесі диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Мақалада қолданылған ереже дәлелденген.</p>

		дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок.</u></p>	Кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары мәселесін зерттеуде, күрьымдық-типологиялық, мәдени-семиотикалық, иконологиялық және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылған. Иә, жұмыста әдіснама нақты жазылған.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок.</u></p>	Диссертацияда жұмыс нәтижелері компьютерлік технологияны қолдану арқылы ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері қолданылған.
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) ия;</u> <u>2) жок.</u></p>	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулер, педагогикалық ғылымдар бойынша эксперимент арқылы дәлелденіп, эксперимент нәтижелері берілмеген.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) бар;</u> 2) жоқ. 	Зерттеу барысында алынған нәтижелер өнертанушылар мен көркем өнер сыншылары, анимация саласындағы мамандар үшін ғана емес, педагогика ғылымында да пайдалы ақпарат болатыны сөзсіз. Диссертацияның теориялық маңызы бар.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <u>1) ия;</u> 2) жоқ. 	Диссертациядағы зерттеу нәтижелерін Отандық анимация мамандарын даярлауда практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; <u>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</u> 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем). 	Диссертациядағы практикалық ұсыныстардың 75% -ы жаңа. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың толықтай көркемдігін ашу мақсатында кестелер мен графикалық дизайн қолданылған.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: <ol style="list-style-type: none"> <u>1) жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	Академиялық жазу сапасы жоғары.
11.	Диссертацияга ескертулер		<ol style="list-style-type: none"> 1. Кәсіби мектеп және шығармашылық мектеп жайында толымды ақпарат берілсе де, аталған терминдерге нақты дәдел ретінде анимациялық фильмдерге жеке-дара кинотанушылық талдау жасау аздық етеді. 2. Бүгінгі қазақ анимациясының тақырыптық және стильдік жағынан толығырақ ақпарат берілсе деген ниет бар.

12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында көрғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Абельдинов Адай Кунанбаевичтің «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» атты диссертациялық жұмысына өзекті; салмақты жазылған ғылыми зерттеу жұмысы; Қазақстан өнертану, кинотану ғылымына елеулі үлес қосатын, жаңа ғылыми тұжырымдардан тұратын, ғылыми және практикалық маңызы бар құнды зерттеу жұмысы деп баға беруге болады. Жоғарыда келтірілген мәліметтерді ескере отырып, Абельдинов Адай Кунанбаевичтің 8D02195 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Әлемдік контекстегі кәсіби қазақ анимациялық мектебінің даму перспективалары» диссертациялық жұмысы қойылған талаптарға сай, ал оның авторы 8D02195 – Өнертану мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесіне лайық деп есептеймін.</p>

Ресми пікір білдіруші:

PhD. Молдияр Ергебеков

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

халықаралық қазақ-түрк университеті

қауымдастырылған профессоры

